

2012 жылы Сарысу ауданының аумағында тұратын 1995 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесінде тіркеуді жүргізуді ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімінің 2011 жылғы 23 желтоқсандағы N 12 Шешімі. Сарысу аудандық Әділет басқармасында 2012 жылғы 26 қаңтарда 6-9-129 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабы 1 тармағының 13) тармақшасы негізінде, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17-бабы 3 тармағына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 36-бабына және «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 Қ а у л ы с ы н а с ә й к е с **ШЕШІМ** **ЕТТІ:**

1. «Жамбыл облысы Жаңатас қаласының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Е.Байділдаевқа (келісім бойынша) шақыру учаскесінде 2012 жылдың қаңтар-наурыз айларында Сарысу ауданының аумағында тұратын 1995 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды әскери есепке қою үшін т і р к е у ж ү р г і з у ұ с ы н ы л с ы н .

2. Жаңатас қаласы және ауылдық округ әкімдері «Жамбыл облысы Жаңатас қаласының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тіркеуге шақырылғаны туралы хабардар етіп, тіркеу жүргізу учаскесіне 1995 жылғы жасөспірімдерді тіркеуге келуін қамтамасыз етсін.

3. «Сарысу ауданы әкімдігінің білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Жамбыл облысы Жаңатас қаласының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі» мемлекеттік мекемесімен келісілген кесте бойынша ауданның білім беру мекемелерінде оқитын 1995 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне уақытылы және ұйымшылдықпен жіберуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Сарысу орталық аудандық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері Р.Мұхановқа (келісім бойынша) шақыру учаскелеріне тіркелу кезінде әскери қызметке жарамдылық деңгейін анықтау үшін «Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу

қағидасын және Әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 44 қаулысында айқындалған тәртіппен азаматтарды медициналық куәландырудан өткізу ұ с ы н ы л с ы н .

5. «Жамбыл облысының Ішкі істер Департаменті Сарысу ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Б.Нүркеновке (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру ұсынылсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімі орынбасары М.Тоқсанбаеваға жүктелсін.

7. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж.Омаров

«КЕЛІСІЛДІ»

«Жамбыл сақтау аудандық мемлекеттік б а с	облысы басқармасы ауруханасы» казыналық	әкімдігінің Сарысу	денсаулық орталық коммуналдық кәсіпорнының д ә р і г е р і
---	--	-----------------------	--

Р . М ұ х а н о в

23 желтоқсан 2011 жыл

«Жамбыл Қорғаныс бөлімі»	облысы істері мемлекеттік	Жаңатас жөніндегі	қаласының біріктірілген мекемесінің
--------------------------------	---------------------------------	----------------------	---

б а с т ы ғ ы

Е . Б а й д і л д а е в

23 желтоқсан 2011 жыл

«Жамбыл Департаменті істер бөлімі»	облысының Сарысу	Ішкі ауданының мемлекеттік	істер ішкі мекемесінің
---	---------------------	----------------------------------	------------------------------

б а с т ы ғ ы

Б . Н ү р к е н о в

23 желтоқсан 2011 жыл